

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды мемлекеттік есепке алу қағидаларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 149 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 29 сәуірде № 10885 тіркелді.

"Ғылым туралы" 2011 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 5-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды мемлекеттік есепке алу қағидалары және олардың орындалуы жөніндегі есептер бекітілсін.

2. Ғылым комитеті (С.Е. Жолдасбаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуді;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік 10 күн ішінде мерзімдік ресми жариялауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Т.О. Балықбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

A. Сәрінжіпов

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2015 жылғы 31 наурыздағы
№ 149 бұйрығымен
бекітілген

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 04.04.2018 № 135 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу осы қағидасы (бұдан әрі – Қағидалар) "Ғылым туралы" 2011 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңының 4-бабының 5-1) тармақшасына, "Мемлекеттік қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына (бұдан әрі - Заң), "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу" мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін анықтайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 24.06.2020 № 262 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қағидада мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет туралы есеп - ғылыми-техникалық жұмыстың іске асырылуы туралы ақпаратты, ғылыми, ғылыми-техникалық, тәжірибелік-конструкторлық, маркетингтік зерттеулерді, сондай-ақ жоспарланған жұмыстардың одан әрі жүргізілуінің орындылығы туралы не аяқталған ғылыми, ғылыми-техникалық жоба мен бағдарлама нәтижесі туралы ақпаратты қамтитын құжат; ;

2) ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарлама бойынша бас ұйым - нысаналы ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаны іске асыруға арналған конкурстың қорытындылары бойынша мемлекеттік уәкілдегі орган айқындайтын әрі іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламасын іске асыруды сүйемелдеуді және орындалатын бағдарламаның шенберінде орындаушы ұйымдардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыратын занды тұлға;

3) алып тасталды - ҚР Білім және ғылым министрінің 24.06.2020 № 262 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4) ғылыми, ғылыми-техникалық жоба мен бағдарлама - болжанған ғылыми-техникалық жұмыс мазмұнын қамтитын, жоспарланған жұмыстарды жүргізуін мақсаттары мен міндеттері, өзектілігі, жаңалығы, ғылыми-практикалық маңыздылығы мен орындылығы негізделген ғылыми, ғылыми- техникалық, тәжірибелік-конструкторлық, маркетингтік зерттеулерді білдіретін құжат;

5) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің нәтижесі (бұдан әрі – FFTҚН) - ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті орындау барысында тиісті ғылыми әдістермен және құралдармен алынған және кез келген ақпарат жеткізгіште тіркелген жаңа білім немесе шешімдер, ғылыми әзірлемелер мен

технологияларды өндіріске енгізу, сондай-ақ жаңа бұйымдардың, материалдар мен заттардың модельдері, макеттері, үлгілері;

6) ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалардың мемлекеттік тізілімі (бұдан әрі - ҒТБ МТ) - Қазақстан Республикасында мемлекеттік бюджет есебінен іске асырылатын ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалардың және олардың орындалуы жөніндегі есептердің тізбесі;

7) ғылыми, ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерінің мемлекеттік тізілімі - мемлекеттік бюджет есебінен алынған ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерінің тізбесі;

8) Алып тасталды - ҚР Білім және ғылым министрінің 24.06.2020 № 262 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі - уәкілетті орган) - ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласында салааралық үйлестіруді және басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

10) Алып тасталды - ҚР Білім және ғылым министрінің 24.06.2020 № 262 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11) Алып тасталды - ҚР Білім және ғылым министрінің 24.06.2020 № 262 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 24.06.2020 № 262 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.09.2021 № 481 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

3. "Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу" (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) "Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) арқылы көрсетіледі.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 24.06.2020 № 262 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу тәртібі

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке және занды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге электрондық түрде

www.is.ncste.kz ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ақпараттық жүйе) немесе қағаз түрінде көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі арқылы "Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу" Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8-тармағында (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты) көзделген құжаттар тізбесін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес ұсынады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптар тізбесі Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында мазмұндалған.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 21.09.2021 № 481 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Жобаны мемлекеттік есепке алу үшін көрсетілетін қызметті алушы жобаны қаржыландыру басталған күннен бастап құнтізбелік 30 (отыз) күннен кешікпейтін мерзімде Мемлекеттік қызмет стандартының 8-тармағының 1) тармақшасына сәйкес мемлекеттік және орыс тілдерінде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес тіркеу карталарын жібереді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 24.06.2020 № 262 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі құжаттар келіп түсken күні оларды қабылдауды, тіркеуді жүзеге асырады және мемлекеттік қызмет көрсету үшін жауапты құрылымдық бөлімшеге орындауга береді.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері) мемлекеттік көрсетілетін қызметті 5 (бес) жұмыс күні ішінде көрсетеді: электрондық түрде мемлекеттік көсетілетін қызмет нәтижесі ақпараттық жүйесі арқылы беру жүзеге асырылады, қағаз түрінде мемлекеттік көсетілетін қызмет нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі арқылы беру жүзеге асырылады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 21.09.2021 № 481 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Ғылыми, ғылыми техникалық бағдарлама аясында орындалатын жобаны бірнеше көрсетілетін қызметті алушылар орындаған жағдайда, әрқайсысы өзі дербес орындаитын жұмыс бөлігіне тіркеу картасын жібереді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 24.06.2020 № 262 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Көрсетілетін қызметті беруші жобаны тіркейді, оны FTB МТ-ға енгізеді және мемлекеттік тіркеу номірін бере отырып, тіркеу картасын береді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 24.06.2020 № 262 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Тіркелген жобаға түзетулер енгізу қажет болған жағдайда көрсетілетін қызметті алушы құнтізбелік отыз күн ішінде көрсетілетін қызметті берушіге ресми бланкіде еркін түрде ресімделген хат пен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес тіркеу картасын ұсынады..

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 24.06.2020 № 262 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Егер тіркелген жобаны орындау процесінде оны құпияландыру қажеттілігі туындаса, көрсетілетін қызметті алушы он күн мерзімде бұл туралы көрсетілетін қызметті берушіге жазбаша түрде хабарлайды.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 24.06.2020 № 262 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаны мемлекеттік есепке алу үшін көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 16 мамырдағы № 519 "Ұлттық ғылыми кеңестер туралы" қаулысымен бекітілген Ұлттық ғылыми кеңестер ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламаларды мемлекеттік бюджет есебінен гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру туралы шешім қабылданған күннен бастап құнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "кеңейтілген ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның көрсеткіштерін" және "титул парағын" 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рәсімдеп, бағдарламаға еркін түрде түсіндірме жазба мен ағымдағы жылы бағдарламаның тапсырмаларын (кезеңдерін) орындауға бөлінген бюджет қаражатының көлемін растайтын бас үйымның басшысы қол қойып, мөрімен бекітілген құжатты Мемлекеттік қызмет стандартының 8-тармағының 2-1), 2-2), 2-3) және 2-4) тармақшаларына сәйкес тапсырады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 24.06.2020 № 262 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Көрсетілетін қызметті беруші белгіленген тәртіппен тиісті шифр беру арқылы бағдарламаны тіркейді, оны FTB МТ-ға енгізеді.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 24.06.2020 № 262 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Тіркелген ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаға түзетулер енгізу қажет болған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы кезекті жылға арналған жоспарлы көрсеткіштерімен қатар, көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "кеңейтілген ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның көрсеткіштері" туралы мәліметтерді Мемлекеттік қызмет стандартының 8-тармағының 2-5) тармақшасына сәйкес ұсынады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 24.06.2020 № 262 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Көрсетілетін қызметті алушы есептік жылдан кейінгі жылдың отыз бірінші қаңтарынан кешіктірмей, көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарлама бойынша тапсырмалардың жұмыс кезеңдерінің орындалуы туралы (жылдық) есепті" және еркін түрде түсіндірме жазбаны Мемлекеттік қызмет стандартының 8-тармағының 2-6) тармақшасына сәйкес жібереді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 24.06.2020 № 262 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Көрсетілетін қызметті алушы есептік тоқсаннан кейінгі айдың онынан кешіктірмей, тоқсан сайын көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысанда ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаны орындауға қатысушы ұйымдардың жұмыс тапсырмаларын, кезеңдерін, орындау барысы туралы мәліметтерді Мемлекеттік қызмет стандартының 8-тармағының 2-7) тармақшасына сәйкес ұсынады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 24.06.2020 № 262 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Есепті мемлекеттік есепке алу үшін көрсетілетін қызметті алушы жобаның жұмыстары (кезеңдері) аяқталғаннан кейін құнтізбелік отыз күн ішінде көрсетілетін қызметті берушіге есеп пен осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес мемлекеттік және орыс тілдерінде ақпараттық картаны Мемлекеттік қызмет стандартының 8-тармағының 3) тармақшасына сәйкес жібереді.

Есеп МЕМСТ 7.32-2017 "Ғылыми-техникалық жұмыс туралы есеп" мемлекетаралық стандартына сәйкес ресімделеді.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 24.06.2020 № 262 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Көрсетілетін қызметті беруші есепті белгіленген тәртіппен оған инвентарлық нөмір беру арқылы тіркейді.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 24.06.2020 № 262 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. FFTҚН-ны мемлекеттік есепке алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге Мемлекеттік қызмет стандартының 8-тармағының 4) тармақшасына сәйкес ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне өтінім осы Қағидаларға 10-қосымшаға және FFTҚН туралы мәліметтер нысанын 11-қосымшаға ұсынады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 24.06.2020 № 262 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Көрсетілетін қызметті беруші өтінімді мемлекеттік номерін беру арқылы тіркейді, FFTҚН-ның мемлекеттік тізіліміне енгізеді және мемлекеттік номері өтінімді береді.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 24.06.2020 № 262 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. FFTҚН-нің құқық иеленушілері өзгерген кезде, көрсетілетін қызметті алушы қайта ұйымдастырылған жағдайда, сондай-ақ FFTҚН-ні пайдалануға байланысты емес басқа да негіздер бойынша көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша FFTҚН туралы мәліметтерді пайдаланаудың өзгеруі туралы хабарламаны және 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша FFTҚН пайдалану туралы мәліметтерді Мемлекеттік қызмет стандартының 8-тармағының 4) тармақшасына сәйкес жібереді.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 24.06.2020 № 262 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. FFTҚН-ға құқық тоқтатылған жағдайда көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті берушіге нысан бойынша хабарлама Мемлекеттік қызмет стандартының 8-тармағының 4) тармақшасына сәйкес жібереді.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 24.06.2020 № 262 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттардың келіп түсken күnі оларды қабылдау мен тіркеуді жүзеге асырады. Көрсетіletтін қызметті алушы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндөрі жүгінген кезде сұрау салынған өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күnі жүзеге асырылады.

Ескерту. Қағида 22-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 24.06.2020 № 262 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күn өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Құжаттардың толық емес пакетін ұсынған немесе құжаттарды тиісінше рәсімдемеген жағдайда құжаттар анықталған кемшіліктер толық жойылғанға дейін тіркелмейді. Қызметті берушінің қызметкери осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуден себептемелі бас тарту жасайды.

Ескерту. Қағида 23-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 24.06.2020 № 262 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күn өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Көрсетіletтін қызметті беруші Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген негіздер мен жағдайларда мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

Ескерту. Қағида 24-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 24.06.2020 № 262 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күn өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Көрсетіletтін қызметті беруші Занының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету сатысы туралы ақпараттың мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізілуін қамтамасыз етеді.

Ескерту. Қағида 25-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 24.06.2020 № 262 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күn өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша лауазымды адамдардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 21.09.2021 № 481 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күn өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Қағида 3-тараумен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 24.06.2020 № 262 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күn өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Лауазымды адамдардың шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылды.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 21.09.2021 № 481 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

Мемлекеттік бюджеттен
қаржыландырылатын ғылыми,
ғылыми-техникалық жобалар
мен бағдарламаларды және
олардың орындалуы жөніндегі
есептерді мемлекеттік есепке
алу қағидаларына
1-қосымша

"Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 21.09.2021 № 481 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	"Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы" акционерлік қоғамы
2.	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілі	1) электрондық түрде (www.is.neste.kz акпараттық жүйесі (бұдан әрі – акпараттық жүйе); 2) қағаз түрінде көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі арқылы.
3.	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	Қызмет көрсету мерзімі: электрондық – 5 (бес) жұмыс күні; қағаз түрінде – 5 (бес) жұмыс күні.
4.	Мемлекеттік қызметті көрсету түрі	Электронды (ішінара автоматтындырылған) / қағаз түрінде
5.	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: 1) ғылыми, ғылыми-техникалық жобага – мемлекеттік тіркеу нөмері берілген тіркеу картасы; 2) ғылыми-техникалық бағдарламага – шифр берілген куәлік; 3) ғылыми, ғылыми-техникалық жобалардың орындалуы бойынша есепке – инвентарлық нөмір берілген ақпарат картасы; 4) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне – мемлекеттік тіркеу нөмері берілген өтінім. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетудің электронды нысаны нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі. Қағаз түріндегі мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі арқылы жіберіледі.
	Көрсетілетін қызметті алушыдан мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде өндіріп алынатын төлем	

6.	мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген жағдайларда оны өндіріп алу тәсілдері	Жеке және занды тұлғаларға көрсетілетін қызмет ақысыз негізде көрсетіледі.
7.	Жұмыс кестесі	<p>Көрсетілетін қызмет беруші - Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес дүйсенбіден жұмага дейін, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс 13.00-ден 14.30-ға дейін.</p> <p>Ақпараттық жүйе: жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p> <p>Мемлекеттік қызметтер көрсету сұрақтары бойынша көрсетілетін қызметті берушінің анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (727) 378-05-67, 378-05-09.</p>
8.	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	<p>1) 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобаға тіркеу картасы;</p> <p>2) мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаға келесі қосымшалар:</p> <ul style="list-style-type: none"> 2-1) 4-қосымшаға сәйкес "Кенәйтілген ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның көрсеткіштері" Ф1-біріздендірілген нысаны; 2-2) 5-қосымшаға сәйкес "Кенәйтілген ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның көрсеткіштері" Ф1-біріздендірілген нысанға титулдық беті; 2-3) ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарлама жетекшісінің қолы қойылған түсіндірме жазба; 2-4) ағымдағы жылы ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның тапсырмаларын (кезеңдерін) орындауға бөлінген бюджет қаржатының көлемін растайтын, бағдарлама жетекшісі қол қойған құжат; 2-5) 6-қосымшаға сәйкес "Кенәйтілген ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның көрсеткіштері" Ф1-түзету нысаны; 2-6) 7-қосымшаға сәйкес ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарлама бойынша тапсырмалардың, жұмыс кезеңдерінің орындалуы туралы (жылдық) есеп; 2-7) 8-қосымшаға сәйкес ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаны орындауға қатысуышы ұйымдардың жұмыс тапсырмаларын, кезеңдерін орындау барысы туралы мәлімет; <p>3) 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақпарат картасы бар "Ғылыми-техникалық жұмыс туралы есеп" Мемлекетаралық стандартына МЕМСТ 7.32-2017 сәйкес ресімделген ғылыми, ғылыми-техникалық жоба/бағдарламаның орындалуы туралы есеп;</p> <p>4) 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесін тіркеуге өтінім түрінде ресімделген ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесі және 11-қосымшаға сәйкес ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелері туралы мәліметтерді еспке алу жөніндегі нысандар; (қажет болған жағдайда) ұсынылады:</p> <p>12-қосымшаға сәйкес ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелері (бұдан әрі - FFTҚН) туралы мәліметтердің өзгергені туралы хабарлама;</p> <p>13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін пайдалану туралы мәліметтер;</p> <p>14-</p>

		косымшаға сәйкес ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесін мемлекеттік тіzlімінен FFTҚН-ны алып тастау туралы хабарлама.
9.	Казақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту себептері	<p>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық е м е с т і г і н а н ы қ т а у ;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті материалдардың, заттардың, мәліметтер мен ақпараттың Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға с ә ү қ қ ә с қ е л м е у і ;</p> <p>3) құжаттардың толық емес пакетін ұсыну және олардың тиісінше рәсімделмеуі;</p> <p>4) Қазақстан Республикасының заңдарында мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартудың басқа негіздері белгіленуі мүмкін;</p> <p>5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты мемлекеттік қызмет алушы талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды құшіне енген сот шешімі (үкімі).</p>
10.	Мемлекеттік көрсетіletіn қызметтердің ерекшеліктерін ескеретін өзге де талаптар	<p>Көрсетіletіn қызметті алушының электрондық цифрлық колтаңбасы бар болған жағдайда, ақпараттық жүйе арқылы электрондық нысанда мемлекеттік көрсетіletіn қызметті алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетіletіn қызметті алушының мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпараттық жүйе арқылы көрсетіletіn қызметтерді қашықтықтан қол жеткізу режимінде немесе көрсетіletіn қызметті берушінің анықтамалық қызметтері ақпарат алуға мүмкіндігі бар.</p>

Мемлекеттік бюджеттен
қаржыландырылатын ғылыми,
ғылыми-техникалық жобалар
мен бағдарламаларды және
олардың орындалуы жөніндегі
есептерді мемлекеттік есепке
алу қағидаларына
2-косымша

**"Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу"
Мемлекеттік көрсетіletіn қызмет стандартының 8, 9 тармақтарына сәйкес келмейтін құжаттарды мемлекеттік тіrкеуден бас тарту**

Ескеरту. 2-косымша жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 24.06.2020 № 262 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құntіzбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

№	Атауы	Көрсетіletіn қызмет алушы	Ғылыми жетекші	Мемлекеттік көрсетіletіn қызмет стандартының 8, 9 тармақтар талаптары	Қайтару негіздемесі
1					

Мемлекеттік бюджеттен
қаржыландырылатын ғылыми,
ғылыми-техникалық жобалар
мен бағдарламаларды және
олардың орындалуы жөніндегі

есептерді мемлекеттік есепке

алу қағидаларына

3-қосымша

Нысан

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 24.06.2020 № 262 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекшімен.

Тіркеу картасы

01

Қайда: 050026, Алматы,

Бегенбай батыр көшесі, 221

«Ұлттық мемлекеттік ғылыми-

техникалық саралтама орталығы» АҚ

т. + 7 727 378 05 19, +7 727 378 05 20

Мемлекеттік тіркелу нөмірі

Шығыс №, күні

Жұмысты орындау мерзімі

Өзгертілген мемлекеттік тіркелу нөмірі

Басталуы

Аяқталуы

Жұмысты жүргізу үшін негіздеме	Күнтізбелік жылдар бойынша қаражат көздері және көлемі (мын тенге)	Бар- лығы	1- жыл	2- жыл	3- жыл
Мемлекеттік бағдарлама	Мемлекеттік бюджеттің қаражаты				
Қолданбалы зерттеулер бағдарламасы	Тапсырыс берушінің қаражаты				
Инновациялық жоба	Меншікті қаражат				
Іздену (тәуекелдік) жоба (ғылым қоры)	Халықаралық гранттар, корлар				
Отаңдық гранттар	Басқалар				
Мемлекетаралық нысаналы бағдарлама	Жұмыс түрі				
Халықаралық бағдарлама	Іргелі ғылыми-зерттеу жұмысы				
Министрліктиң тапсырмасы	Қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмысы				
Ынталы	Тәжірибелі-конструкторлық, жобалау-конструкторлық				
Ұйыммен шарт жасау	Жобалау-технологиялық				
Әнірлік бағдарлама					

Бағдарламаның шифры

Орындалатын жұмыс бойынша, бағдарлама тапсырмасының шифры _____

Негізгі ұйым туралы мәліметтер

Қала

Телефоны

Электрондық мекен-жайы

Министрліктің (ведомствоның) қысқартылған атауы

Көрсетілетін қызметті алушының толық атауы

Көрсетілетін қызметті алушының қысқартылған атауы

Көрсетілетін қызметті алушының мекен-жайы (индекс, республика, облыс, қала, көше,
үй)

Қоса орындаушы ұйым

Тапсырыс беруші

Жұмыстың атауы

Күтілетін нәтижелер

Тіркелген жұмыстың күтілетін нәтижелерінің нақты жоспарланған сипаттамалары
көрсетілген және зерттеу немесе әзірлеу объектісінің параметрлері еркін нысанда
сипатталады.

--	--

	Тегінің аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы	Қолы	Мөр орны
Ұйым жетекшісі				
Жұмыс жетекшісі				

ӘОК индексі	Геолкор шифры	Күні
Такырыптық айдарлар коды		

Түйінді сөздер			

Мемлекеттік бюджеттен
қаржыландырылатын ғылыми,
ғылыми-техникалық жобалар
мен бағдарламаларды және
олардың орындалуы жөніндегі
есептерді мемлекеттік есепке
алу қағидаларына
4-қосымша
Нысан
Ф1-біріздендірілген

жылға (жылдарға) арналған кеңейтілген ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның көрсеткіштері

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 24.06.2020 № 262 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекшімен.

Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның шифры _____

Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның атауы _____

Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаны орындау негізі болған себептер _____

Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаны орындау мерзімі _____
Қаржыландырудың көлемі _____ жылға _____ млн. теңге

			Бірінші басшының
Мекенжай	Телефоны		

Фылыми, фылыми-техникалық бағдарлама бойынша көрсетілетін қызметті алушының атауы (толық және аббревиатуrases)			Факсы, электрондық мекенжайы	Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)
1	2	3	4	5

Тапсырманың , кезеңнің шифры	Тапсырманың , кезеңнің атауы	Фылыми техникалық акпаратардың мемлекетаралық топтамасының коды/түйінді сөздер	Тапсырманы, кезеңдерді орындаушы ұйымның аббревиатуrases	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі/ Жеке сәйкестендіру номері	Ұйымдардың аккредитациялық белгілері "1"-иә , "2"-жоқ (егер ұйым аккредиттелсе, онда "1" қойылады, егер жоқ болса "2")	Тапсырманың , жұмыс кезеңі басшысының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), ғылыми дәрежесі, қызметі	Жұ оры жос мер: жыл баст
1	2	3	4	5	6	7	8

kesteneң жалғасы

Жоспарланған мерзімге қаржыландыруға қажеттілік (мың теңге)

Оның ішінде:						
Фылыми зерттеулер		тәжірибе-конструкторлық әзірлемелер				
Барлығы			бұйымдардың (өнімдердің) тәжірибелік үлгілерін, партияларын дайындау		Күтілетін натижелер	
іргелі	қолданбалы	тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстар				
10	11	12	13	14	15	16

Фылыми, фылыми-техникалық бағдарламаның
жетекшісі _____

Құжатты орындаушының Т.А.Ә. (бар болған
жағдайда) және телефон номірі

М.О. Қолы Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

"_____" 20__ ж.

Фылыми, фылыми-техникалық бағдарламаны орындау үшін қажетті мамандар саны

Фылыми, фылыми-техникалық бағдарламаның шифры _____

Фылыми, фылыми-техникалық бағдарламаның атауы _____

Көрсетілетін қызметті алушының атауы	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі/ Жеке сәйкестендіру номері	Ұйымдардың аккредитациялық белгілері "1"-иә, "2"-жоқ (егер ұйым аккредиттелсе, онда "1" қойылады, егер жоқ болса "2")	Оның ішінде			
			оның ішінде фылыми дәрежелері бар			
			Барлығы	жогары білімді	Фылым докторы	Фылым кандидаты

		онда "1" көйлады, егер жоқ болса "2")						бейін бойынша доктор
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Фылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның жетекшісі _____

